

Нұра ауданындағы көшпелі сауда үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 9 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 қаңтарда № 5131 болып тіркелді. Күші жойылды – Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 33/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 26.12.2019 № 33/01 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттерін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелді) сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Арнайы немесе сауда жабдығымен жарақталған мамандырылған транспорт құралдарын, сондай-ақ мобильді жабдықты пайдаланумен автодүкен және шатыр арқылы көшпелі сауда үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Нұра ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 09/01 "Нұра ауданындағы көшпелі сауда үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3767 болып тіркелді), аудандық "Нұра" газетінде 2016 жылдың 30 сәуірінде № 17, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 16 мамырында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндеттерін атқарушысы

М. Жуманов

Нұра ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "29" желтоқсандағы
№ 9 қаулысына
қосымша

Арнайы немесе сауда жабдығымен жарақталған мамандырылған транспорт құралдарын, сондай-ақ мобильді жабдықты пайдаланумен автодүкен және шатыр арқылы көшпелі сауда үшін арнайы бөлінген орындар:

№	Орналасқан орны
1	Ақмешіт ауылы, Сейфуллин көшесі, 3
2	Алғабас ауылы, Сейфуллин көшесі
3	Ахмет ауылы, Бейбітшілік көшесі, 3
4	Байтуған ауылы, Әуезов көшесі (орталық парктің аумағы)
5	Балықтыкөл ауылы, Бейбітшілік көшесі, 2
6	Баршын ауылы, Аблахатов көшесі, 10
7	Жанбөбек ауылы, Уәлиханов көшесі, 13/1 үйінен 17 үйге дейін
8	Жараспай ауылы, Орталық көшесі, 6
9	Заречное ауылы, Ленин көшесі, 1 үйінен 3 үйге дейін
10	Изенді ауылы, Боқаев көшесі, 13
11	Кертінді ауылы, Қазыбек би көшесі (орталық парктің аумағы)
12	Көбетей ауылы, Жамбыл көшесі, 6 үйден 8 үйге дейін
13	Нұра кенті, Абай көшесі, 35 (Тәуелсіздік орталық паркі)
14	Қарой ауылы, Абай көшесі, 22
15	Құланөтпес ауылы (орталық парктің аумағы)
16	Құланөтпес ауылы, Абылайхан көшесі, 1
17	Майоровка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 40
18	Мыңбаев ауылы, Бейбітшілік көшесі, 19
19	Пржевальское ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 2/1 үйден 15 үйге дейін
20	Соналы ауылы, Абай көшесі (орталық парктің аумағы)
21	Талдысай ауылы, Сатпаев көшесі, 9
22	Тассуат ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 14
23	Ткенекті ауылы, Сейфуллин көшесі, 1 үйден 20 үйіне дейін
24	Шахтерское ауылы, Құрылысшылар көшесі, 1 үйден 1-а үйіне дейін
25	Шұбаркөл кенті, Рысқұлбеков көшесі, 56
26	Қайнар ауылы, Достық көшесі, 7